

## Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) мамандығы бойынша  
Диссертациялық кеңес

### 1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесте 2023 жылы 3 отырыс өткізілді (01.01.2023-31.12.2023).

### 2. Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда)

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

### 3. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі.

1. Кинжибаева Фариза Багитовна. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

2. Онтуганова Шынар Шералиевна. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік п

3. Каратаева Татьяна Олеговна. Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты.

### а 4. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

г *Кинжибаева Фариза Багитовнаның диссертациясы бойынша:*

и *1) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

к *Диссертация тақырыбы – «Студенттерді мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беру сабақтастығын жүзеге асыруға даярлау»*

ы *Мамандық: 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі*

*Ғылыми кеңесшілері: п.ғ.к., профессор м.а. Ақпаева А.Б. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Алматы.*

н *п.ғ.д., профессор Землянская Е.Н. Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университеті (Мәскеу. Ресей).*

в *Қорғау 2023 жылдың 17 ақпанында өтті.*

е *Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

р – студенттерді мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беру сабақтастығын жүзеге асыруға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері талданды.

т – философиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік еңбектерді талдау барысында «студенттерді даярлау»,

«математикалық білім беру сабақтастығы», «студенттерді мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беру сабақтастығын жүзеге асыруға даярлау» түсініктерінің мәнін нақтылаған.

– зерттеу барысында теориялық тұрғыда студенттерді мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беру сабақтастығын жүзеге асыруға даярлаудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және оның деңгейлері (жоғары, орта, төмен) анықталған құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған.

– алғаш рет студенттерді мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беру сабақтастығын жүзеге асыруға даярлаудың әдістемелік жүйесі әзірленген: «0 сыныпта оқытудың теориясы және әдістемесі» (Әліппе, Қоршаған орта, Математикалық сауаттылық, Музыкалық сауаттылық) элективті курсы, «Методика реализации преимущества в математическом образовании (предшкольная подготовка – начальные классы)» оқу-әдістемелік құралы, «Преимущество дошкольного и начального математического образования» (предшкольная подготовка – начальные классы) жаттығулар жинағы және зерттеу нәтижелері алынған.

*2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III (12.01.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысы. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіби стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді. Бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін 1 жастан бастап балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР ЖП 09.09.2022 ж. № 394 бұйрығымен бекітілген). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР ЖП 14.10.2022 ж. № 422 бұйрығымен бекітілген). Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерін таңдау бойынша жалпы білім беретін

пәндер мен курстар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 қыркүйекте № 29767 болып тіркелді. Болашақ мамандардың қалыптасуы біртұтас әрі біртіндеп жүзеге асырылады. Сондықтан мектепке дейінгі және бастауыш білім беру сабақтастығын жүзеге асыру бойынша теориялық және практикалық мәселелердің шешімін іздестіру ҚР Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен тығыз байланысын көрсетеді.

*3) Диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, бастауыш білім беретін мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты мен жалпы орта білім беретін мектептердің білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

*Онтуганова Шынар Шералиевнаның диссертациясы бойынша:*

*1) Қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;*

*Диссертация тақырыбы – «Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту»*

*Мамандық: 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі Ғылыми кеңесшілері: Жапбаров Амангелді – п.ғ.д, профессор, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті (Шымкент қ., Қазақстан), Туркер Курт – философия докторы (PhD), доцент, Гази университеті (Анкара қ., Түркия).*

*Қорғау 2023 жылдың 12-мамырда өтті.*

*Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

- бастауыш білім беру жүйесінде бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

- «логикалық амал-тәсілдер», «ой мен тілді дамыта оқыту» ұғымдарының мазмұны нақтыланып, құрылымы анықталды;

- логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынды;

- бастауыш білім беру жүйесінде логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту мәселесінің әдістемелік негіздері жүйеленді.

Бастауыш мектеп мұғалімдерінің бастауыш мектеп оқушыларының логикалық амал-тәсілдер арқылы ойы мен тілін дамыта оқытудың әдістемелік жүйесі: бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған «Логика элементтерін бастауыш білім беруде қолдану» тақырыбындағы 24 сағатқа арналған ғылыми-әдістемелік семинар бағдарламасы жасалды; бастауыш мектептің 3-ші сынып оқушыларына арналған «Логикалық сауаттылық» факультативтік курс бағдарламасы мен «Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың

негіздері» атты оқу-әдістемелік құрал әзірленіп, тәжірибелік-экспериментте сынақтан өткізіліп, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалды.

2) *ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ), Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары (Стратегиялық даму жоспары жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 26.02.2021, №521 Жарлығымен), Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы, №604 бұйрығы.

3) *диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Зерттеу нәтижелерін бастауыш білім беретін мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты мен жалпы орта білім беретін мектептердің білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

*Қаратаева Татьяна Олеговнаның диссертациясы бойынша:*

1) *Қаралған жұмыстардың тақырыбын талдау;*

*Диссертацияның тақырыбы - «Болашақ мұғалімді бастауыш сынып оқушысының зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамытуға дайындау.*

*Мамандығы: 6D010200-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі.*

*Ғылыми кеңесшілер: п.ғ. д., профессор Хан Н.Н. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Алматы.*

*п.ғ.д., профессор Приступа Е.Н. Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университеті (Мәскеу, Ресей).*

*Қорғау 2023 жылдың 30-маусымында өтті.*

*Жұмыста жаңа және сенімді нәтижелер алынды:*

- "бастауыш сынып оқушысының интеллектуалдық-шығармашылық әлеуеті" ұғымына авторлық анықтама берілді, сондай-ақ авторлық анықтама нақтыланды және "болашақ мұғалімнің бастауыш сынып оқушысының интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін дамытуға дайындығы" ұғымының құрылымы анықталды;

- болашақ мұғалімді бастауыш сынып оқушысының интеллектуалды-шығармашылық әлеуетін дамытуға дайындау моделі қалыптастырылды, оның ішінде мотивациялық-құндылық, психо-эмоционалды, коммуникациялық-ұйымдастырушылық, кәсіби-шығармашылық, бағалау-аналитикалық компоненттер, олардың дамуы бастауыш, орта және дамыған деңгеймен анықталады;

- болашақ мұғалімді бастауыш сынып оқушысының интеллектуалды-шығармашылық әлеуетін дамытуға дайындау әдістемесі әзірленді және тәжірибелік-эксперименттік жұмыста сынақтан өткізу арқылы оның тиімділігі дәлелденді.

2) ғылым туралы Заңның 18-бабаның 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы

Диссертациялар тақырыбының ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы, алынған нәтижелердің маңыздылығы зерттеу жүргізу қағидаттары мен тәртібі, оны сынақтан өткізу және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстағы негізгі ережелерді растау бөлігінде "Ғылым туралы" ҚР Заңына сәйкестігімен айқындалған; педагогикалық білім беру сапасын және оларды даярлау стандарттарын арттыруға қатысты ҚР Үкіметінің 2023-2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы, 2021 – 2025 жылдарға арналған "Білімді ұлт - сапалы білім беру" ұлттық жобасымен тығыз байланысты.

3) диссертация нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау. Диссертациялардың нәтижелері "Бастауыш сынып оқушысының интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін дамыту" элективті курсы 5B01300 "Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі" ББ бағдарламасына енгізумен, "Бастауыш сынып оқушысының зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамыту: дәрістер курсы" оқу-әдістемелік құралының баспадан шығуымен расталады. Зерттеудің нәтижелерін бастауыш білім беру мамандарын даярлайтын ЖОО-да, біліктілікті арттыру институттарында қолдануға болады.

#### **5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).**

Рецензенттер ретінде болашақ бастауыш сынып педагогтерін даярлау және бастауыш білім берудің педагогикасы және психологиясы салаларында ғылыми зерттеулер жүргізген, елеулі үлес қосқан ғалымдар тағайындалды. Рецензенттер докторлық диссертацияларды берілген әр критерийлерге сай, толық және білікті түрде талдады. Сапасыз пікір болған жоқ.

*Кинжибаева Фариза Бағитовнаның* диссертациясы бойынша:

1) Ибашова Альмира Байдабековна - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті (Шымкент қ., Қазақстан).

2) Жусупова Жанна Азатовна - педагогика ғылымының кандидаты, доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті (Ақтөбе қ., Қазақстан).

*Онтуганова Шынар Шералиевнаның* диссертациясы бойынша:

1) Тургунбаева Ботагуль Алтаевна – п.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

2) Кұрман Несібелі Жәкенқызы – п.ғ.д., профессор, М.В. Ломоносов атындағы ММУ Қазақстан филиалы (Астана қ., Қазақстан).

*Қаратаева Татьяна Олеговнаның* диссертациясы бойынша:

1) Кунакова Клара Умирзаковна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университеті, Алматы қ.;

2) Исакова Ляйла Маратовна – PhD, аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

**6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар**

- диссертацияларды қорғауға жіберетін ЖОО, бітіртуші кафедралар диссертациялық жұмыстардың сапасына, қорғауға қажетті құжаттардың толық және сауатты жазылуына баса назар аударулары керек.

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:**

1) Қорғауға қабылданған диссертациялар - **3**

Оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан - **2**;

2) Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан) - **жоқ**

3) Рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан) - **жоқ**

4) Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ны докторанттарынан) - **жоқ**

5) Пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - **жоқ**

6) Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - **жоқ**

Диссертациялық кеңестің  
төрағасы



Жумабаева А.Е.

Диссертациялық кеңестің  
ғалым хатшысы

Нуржанова С. А.

« 30 » желтоқсан 2023 жыл